

Қазақтың
кесте
өнері

ББК 85.12
Қ 19

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға
ұсынады**

Қ 19 Мұхамеджанұлы З.
Қазақтың кесте өнері. Танымдық-көпшілік басылым. Жоғары сынып оқушылары мен педагогтарға, көпшілік оқырман қауымға арналған.— Алматы, “Алматыкітап баспасы” ЖШС, 2008. —144 бет, суретті.

ISBN 9965-24-981-4

Халқымыздың талантты ісмерлерінің көркем қиялдары, шеберлік құдіретімен бейнелеген ақыл-парасаттарының жауһары — кесте өнері қазақ қолөнерінің ерекше түрінің бірі. Басылымда. кесте түрлері және оны көркемдеудің сан алуан тәсілдері, тігу жолдары баяндалып қана қоймай, бейне суреттермен көрсетілген.

Оқырмандар бұл басылымнан кесте тігуге қажетті материалдар, аспаптар, жіп түрлерімен танысып, пайдалы кеңестер ала алады. Кітаптың екінші бөлімі ұлттық нақышта кестеленген біз кесте өнерінің небір тамаша туындыларымен таныстырады.

Сондай-ақ біз кесте өнерін кескіндеме өнерімен шебер ұштастырып жүрген Қазақстан суретшілер Одағының мүшесі Мұхамеджанұлы Зейнелханның еңбегі жоғары сынып оқушыларына, тәрбие жұмыстарына қосымша оқу құралы ретінде мұғалімдерге, қолөнер шеберлеріне, көпшілік оқырман қауымға ұсынылып отыр.

Қ 4904000000-02
481 (05) - 08

ББК 85.12

ISBN 9965-24-981-4

© Мұхамеджанұлы З., 2008
© “Алматыкітап баспасы” ЖШС, 2008.

Қазақтың



кесте өнері

Алматыкітап баспасы — 2008

МАЗМҰНЫ

Қазақтың кесте өнері.....	10
Кестедегі ою-өрнектер.....	22
Қолөнер шеберлері қолданып жүрген кейбір ою-өрнек үлгілері.....	34
Кесте тізуге қажетті аспаптар.....	38
Материалдар.....	44
Инемен тігетін тігістер.....	50
Кесте түрлері.....	58



I
БӨЛІМ

Қазақтың кесте өнері





Кесте — қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі. Кесте тігу өнерінің қазақ халқында ерте кезден болғандығын археологиялық қазбалар мен жазба ескерткіштері дәлелдейді. Кесте—сан ғасырлар бойына халқымыздың талантты ісмерлерінің көркем қиялдарын шеберлік құдіретімен бейнелеген ақыл-парасаттарының жауһары. Небір керемет кесте үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, толықтырылып, жаңғыртылып отырды. Кестешілік дәстүрі толысып, кемелденуімен бірге өзінің көз тұнытар көркемдігімен, жан сергітер әсемдігімен, өміршеңдігімен халқымыздың тірлік-тынысына мән-мағына қосып, заттық және рухани өмірін әрлей түсті, сән-салтанатын арттырып отырды.

Сонау жаңа тас дәуірі кезіндегі ата-бабаларымыздың қоладан, мыстан, ағаштан, сүйектен, тастан жасалған құрал-жабдық, жиһаз-мүліктерін қарапайым ою-өрнектермен бедерлеп, әшекейлеп істей білгендігі кейінгі кестешілік өнерінің “өрнек” сынды іргетасын қалады. Осы негізде жүннен жасалған киізді, тоқыма бұйымдарды, кездеме-маталарды, тері материалдарды өрнекпен кестелеп қажетіне қолданды. Қазақ кестешілігін түсіну үшін алдымен қазақ ою-өрнегін білу қажет. Ою және өрнек үлгілеріне халқымыз тотемдік сенімдеріне байланысты аспан шырақтарын, табиғат құбылыстарын, мифтік тұрғыдағы “киелі” деп білген жан-жануар, аң-құстардың бейнелерін, табиғаттың көз тоймас көркем суреттерін, ру-тайпалардың таңба-белгілерін сан алуан жіптермен түрлеп аса бағалы кестелі қазыналар шоғырын қолдан шығарды.

Кесте өрнегін кез келген адам сыза бермейді. Оны арнаулы ел ішінде “сызушы” деп аталатын өрнекшілер сызады, өйткені кестеленетін заттар түкті төсек сырмақ, кежім т. б. сияқты көлемді және көрнекті жасаулар болуы мүмкін, оны ершіміне келтіріп сызу қажет.

Қазақ халқында кесте тігумен тек қана әйелдер айналысады. Қазақ қыздарына аналары ыждағаттылық пен төзімді талап ететін бұл қолөнер түрін бала кезінен үйретеді. Кесте өнерінің қыз баланың табанды, сабырлы мінез-құлқын қалыптастыруға тигізетін пайдасы көп. Бойжеткен қыздар өзіне арналған жасаудың кестеленетін түрлерінің бәрін өздері тігеді. Іс үстінде ісмерлігін шыңдайды (Қ.Толыбаев. Бабадан қалған бар байлық. Алматы, 2000. 230 б.).

Кесте өнерінің түптөркіні — тігіс, тоқыма, өрме өнерімен тамырлас. Мәселен, жөрмеу тігістерінің түрленуінен «баспа кесте», «қабырға кесте», «ашамай кесте» түрлері туындаған.

Адамдардың эстетикалық талғамының артуы, замана ықпалы кестелеу өнерінің сан алуан түрін туындатып, халқымыздың заттық және рухани өмірін әрлей түсті.

Қазақ әйелдері ертеден бүгінге дейін қолданып келе жатқан кесте түрлері:

«баспа кесте» «қабырға кесте» «біз кесте» (біздің үшкір ұшы арқылы материал бетін арлы-берлі тесіп, бізді сұғындырып, жіп іліп алу арқылы өрнектеп кестелеу), «шекпе кесте» «тығыз кесте» (шекпе кестенің қазіргі дамыған түрі), «маржандау» (жіпке тізілген маржандар өрнек үстіне тігіледі), «түкті кесте» бұны кейде «төкпе кесте» «бөртпе кесте» деп те атайды (кестеленгеннен кейін кесте жіптері бет жағына түк болып шығып тұрады), «ашамай кесте» (бір ізбен қарама-қарсы жөрмеу арқылы айқыш-айқыш із шығарып кестелеу), «шыраш» яғни, «орайпек» «бұзау тіс» «тышқан із» «оюлау» «жапсырма кесте» (кездемеге кездемеден ою ойып жапсыру тәсілі), «ойма» кейінгі кезде тігіліп жүрген «решелье» (торлап кестелеу немесе ойма кесте), «құрақ кесте» (маталарды бір-біріне құрау арқылы жасалады) тб.

Шеберлер кесте өнері қазынасының айдынын кеңейткен кестелерді көркемдеудің сан алуан тәсілдері: өрнек сызығын қуа түкпірлеп кестелеп толтыру, орайлап толтыру, кенерелеу, тіктеп қатарлап кестелеп толтыру, алтын-дап, күмістеп көздеу, өрнекті өрнекпен шымдау, шумақты өрнекпен шымдау тб. жиі қолданған.

Кесте тігуге көбінесе аналарымыз қалың материалдарды таңдаған. Балбарқыт, пүліш, шұға, мәуіті, ағызу, борлат, қалың жібек кездемелер, әртүрлі мәнерленген терілер, жұқа киіздер тб.

Кестеге алуан түрлі мулине, жібек жіп қолданылады. Бұндай жіптер бұрама мулине, жібек домалақ, келеп жіптер түрінде болады. Олардың өзара жанама, жақын, қарама-қарсы реңдері болады. Өрнек көрікті болып шығу үшін жіптерді реңіне қарай таңдап қолдану қажет.

Кестені әрлеуге алуан түсті зер жіптер де пайдаланылады.

Ертеде көшпенді тұрмыс кешкен кезде зат тапшылығынан әйелдер кесте жіптерін әртүрлі (қызыл, жасыл, сары, көк, қара тб.) түстегі суыртпақтардан сабақтап суырып, біріне-бірін жалғап ширатып, иіріп пайдаланған. Ақ түсті матадан суыртпақтап жіп суырып әртүрлі түске бояп та, кестеге пайдаланған. Парасатты аналарымыз ақ тайлақтың жүнінен, ақ ешкінің түбітінен, қойдың майда жүндерінен жіңішке етіп иіріп, әр түрге бояп қолда бардың бәрін ұтымды пайдаланған.

Кесте түрлері жөне оны көркемдеудің сан алуан тәсілдері, тігу жолдары баяндалып қана қоймай бейне суреттермен көрсетілген.

Оқырмандар кесте тігуге қажетті материалдар, аспаптар, жіп түрлерімен танысып, пайдалы кеңестер ала алады. Кітаптың екінші бөлімінен біз кесте өнерін кескіндеме өнерімен шебер ұштастырып жүрген Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі Зейнелхан Мұхамеджанұлының ұлттық нақышта кестеленген небір тамаша туындыларымен таныстырамыз.

Алғаш кесте үйренушілер үшін кестелеудің әліппелік білімі – «су тарту» жіптерді реңіне қарай қолдана білу жолдары берілген.

Казахское искусство вышивки



Вышивка — особый вид казахского народного рукоделия. О том, что искусство вышивания существовало у казахов издревле говорят материалы археологических раскопок и письменные источники. Вышивка — сокровищница мудрости нашего народа, вобравшая в себя созданные силой искусства в течение многих веков художественные образы и представления талантливых мастеров. Великолепные образцы вышивок передавались из поколения в поколение, совершенствовались и дополнялись. Традиции искусства вышивки, развиваясь, радуящими взор и душу художественностью, красотой, жизненностью приносили в повседневный быт народа особое значение, украшая материальную и духовную жизнь, придавая ей торжественность.

Еще в каменном веке наши предки умели создавать из бронзы, меди, дерева, кости и камня различные предметы обихода, инструменты, утварь, украшая их узорами и орнаментом, позже легшими в основу создания орнаментов искусства вышивки. Широко использовались расшитые узорами ткани, изделия из войлока, кожи, вязанные из шерсти изделия. Чтобы оценить и понять искусство вышивки, нужно знать национальный узор и орнамент. В бесценных образцах орнамента, выполненных разноцветными нитями, в произведениях искусства вышивки народные мастера использовали связанные с тотемными верованиями небесные светила, явления природы, образы священных мифологических животных, птиц, художественные картины прекрасной неуязвимой природы, родовые знаки — тамги.

Не каждый сможет начертить на изделии узоры вышивки. Их наносит специальный рисовальщик — «сызушы», так как изделия, предназначенные для вышивания, могут быть объемными и трудоемкими, такими как ворсистый сырмак — покрывало для кровати, дорогая попона с орнаментом и т.п. Нанесение узора требует определенных навыков.

Вышиванием у казахов занимались исключительно женщины. Матери обучали дочерей с детства этому виду народного искусства, требующему особого старания, усердия и терпения. Вышивание способствует воспитанию у девочек спокойствия, терпеливости, стойкости и упорства. Девушки на выданье расшивали узорами изделия, предназначенные им в приданое, в деле оттачивая свое мастерство. (К.Толыбаев. «Бабадан калган бар байлык» Алматы, 2000, с.230).

Основы искусства вышивки тесно связаны с искусствами шитья, вязания, плетения. К примеру, в процессе совершенствования от простых швов большими стежками развились такие виды швов как «баспа кесте», «кабырга кесте», «ашамай кесте».

Взросшие эстетические вкусы и потребности, веления времени вызвали к

жизни все новые и новые виды техники и узоров искусства вышивки, совершенствуя материальную и духовную культуру народа.

Виды и способы вышивки, используемые издавна и по сей день казахскими мастерицами, представляют огромное многообразие: «баспа кесте», «кабырға кесте», «біз кесте» (при этом способе используется шило материал протыкают шилом и через отверстие продевается нить), «шекпе кесте», «тығыз кесте» (эта вышивка — усовершенствованный вид «шекпе кесте»), «маржандау» (при этом способе на узор нашиваются нанизанные на нить бусины кораллов, жемчуга), «түкті кесте», иногда его называют «төкпе кесте», «бөртпе кесте» (нити вышивки на лицевой стороне узора выглядят как ворс), «ашамай кесте» (узор, выполненный техникой перекрестных стежков), «шыраш», «орайпек», «бұзау тіс», «тышқан із», «оюлау», «жапсырма кесте» (техника аппликации), «ойма» (техника «ришелье»), «құрақ кесте» (техника «пэчворка») и т.д.

Мастерицы использовали разнообразные способы и техники совершенствования художественной выразительности вышивки, пополняя сокровищницу искусства вышивания: заполняющая поверхность узора вышивка гладью; закручивающаяся спираль; вышитая вдоль края, кромки; вышивка золотыми, серебряными нитями; наложение узора на узор и т.п. Мастерицы выбирали для вышивания в основном плотные материалы. Бархат, плюш, сукно, отбеленный войлок, плотные шелковые ткани, различные выделанные кожаные материалы, тонкий войлок и др.

Для вышивки используются шелковые нити, разноцветные мулине и др. Они бывают в виде витых мулине, шелковых клубков, мотков нитей. Цвета и оттенки самые разные: от близких сочетаемых, до противоположных, контрастных. Нужно уметь правильно сочетать нити по цвету, чтобы узор получился ярким и выразительным.

В вышивке используют и разноцветные галуны, позументы, парчовые нити, золотую или серебряную канитель. В давние кочевые времена из-за нехватки материалов женщины вытягивали нити из разных тканей (красных, зеленых, желтых, синих, черных и др.), скручивали их в пряжу и использовали. А еще раскрашивали в разные цвета вытянутые из белой ткани нити и использовали их для вышивания.

Рачительные рукодельницы умело использовали все подручные материалы — тонко спряденные из нежной шерсти белого верблюжонка, белой козы, шерсти мериносов нити, раскрасив их в разные цвета.

Виды и разные способы и техника исполнения вышивки не только подробно изложены в книге, но и богато иллюстрированы. Читатели познакомятся с необходимыми для вышивания материалами, инструментами, видами нитей, получат полезные советы. Во второй части книги мы знакомим вас с прекрасными произведениями замечательного мастера, члена Союза художников Казахстана Зейнелхана Мухамеджанулы, умело сочетающего в своих вышивках, выполненных в традициях национального искусства, каноны искусства вышивки и живописи.

Для тех, кто учится вышивать, даются азы, начальные навыки вышивания.

Қазақтың кесте өнері



Бізге жеткен жазба деректер мен археологиялық жаңалықтар кестенің қолданбалы өнер түрі ретінде ертеден келе жатқандығын дәлелдейді. Кесте жөнінде алғаш рет б.д.д. XVI ғасырда Мысыр жылнамаларында айтылған. Бұнда кестенің ең алғашқы бір түсті қарапайым жіптермен тігілген түрлері сөз болады.

Қазақ ұлттық кесте өнері тарихының түп тамыры ғасырлар қойнауында жатыр. Ұлы дала көшпенділерінің тарихымен тығыз байланысты. Көшпенділер өздерінің салт-дәстүрін, өнерін, ғажайып өркениетін мұраға қалдырып кеткен. Осы ата-бабаларымыздың өткен тарихы, олар жасап кеткен дүниелер күні бүгінге дейін маңызын жоймай, мұрагер біздің қызығушылығымызды тудырып отыр.

Кесте өнерінің даму барысында басқа өнер салалары сияқты әрбір тарихи дәуірдің өз таңбасы бар. Ежелгі Қазақстан территориясын мекендеген сақтар, ғұндар,

түркілер мәдениеті және қазақ мемлекетінің құрылуы, Ресейге қосылуы, Кеңес өкіметінің орнауы сияқты тарихи оқиғалар көрініс тапқан. Осы ретте археология ғылымының ашқан жаңалықтарының нәтижелері Қазақстанның кең даласында бірнеше мәдениеттің болғанын дәлелдеп берді. Еуразия даласын, Орталық Азияны сақ, кейін ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттік құрылымдары мекендеген. Үйсін, ғұн, және қаңлы қоғамдарының өмірінен біз бүгінгі қазақ қоғамының мәдени бастау көздерін көргендей боламыз.

Ғұндар өз ата-бабалары сақтардың киім кию мәдениетін лайықты сақтап қалған. Сырт киімдерін асқан шеберлікпен оюлап, кестелеп сәндеген, жейделерін сырып тіккен, лақтың, құлынның терілерінен шалбарлар тігіп киген.



Археология ғылымының ашқан жаңалықтарының нәтижелері Қазақстанның кең даласында бірнеше мәдениеттің болғанын дәлелдеп берді. Еуразия даласын, Орталық Азияны сақ, кейін ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттік құрылымдары мекендеген. Үйсін, ғұн, және қаңлы қоғамдарының өмірінен біз бүгінгі қазақ қоғамының мәдени бастау көздерін көргендей боламыз.





Мүйіз элементтерінің түрленуі.
Суретші Н. Бубе.

Совершенствование элемента “Муиз” (рога)
Художник Н. Бубе





Суретші М.В.Басттың археологиялық материалдар негізінде қалпына келтірген суретінде сақ көсемі жеңі тұтастай пішілген өңіріне алтын жапсырмалар қадалған және елтірімен әдіптелген қызып түсті жарғақ қамзол киген. Ал жеңі түгел сұр былғарымен оюланып, кестеленген. Шекпеннен тігілген желбегейі өсімдіксал өрнектермен ашқейленген. Әйел көйлегінің үстінен иығына ақ-қызыл түстермен қораздар кейпінде қиюластыра кестеленген жүн тоқымалы жамылғы жамылған. Осы көріністерге қарап көшпенділер мекендеген Ұлы даланың тіршілігі мен табиғатын, мінез-құлқын, көңіл-күйлерін түсінуге болады.



Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық кесте өнеріміз күні бүгінге дейін өзінің эстетикалық құндылықтарын өз бойына сақтап, қасиетін жоғалтпай жақсы сақталған ірі мәдениет үлгісі ретінде аталып келген және халқымыздың тарихымен, тұрмыстағы әдет-ғұрып, салт-дәстүріне сай дамып, түрленіп жетілдіріліп отырған.

Ұлан байтақ Ұлы Далада жаз жайлау, қыс қыстауына көшіп-қонып, тіршілігін күйттеген қазақ ата-бабаларымыздың баспанасы Ақ ордасы — киіз үйі.

Көшпенді тіршілікте тіккенге де, жыққанға да өте жеңіл қолайлы. Ағаш үй жасаушы шеберлер де үйдің ыңғайлы жайлы болуымен қатар көркемдік шешімдерін де ойластырған.

Ақ шаңқан ақ ордаға сырттан кіріп келгеніңіз де сан алуан өрнекпен түрлене кестеленген түскиіздер, төселген айшықты текеметтер, қазақы қалы кілемдер, қызылды-жасылды басқұр алашалар, шым шидегі ырғақты ою-өрнектер бәрі сізді ән сала қарсы алғандай әсерге бөленесіз.

«Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас», — деп ақын Абай жырлағандай Ұлы Даланың асқар-асқар тауларын, арқары мен құлжасын, құстары мен гүлдерін шытырман ою өрнекпен астарлап, алуан өңді жібекпен төгілдіре кестелеген түскиіздерді көріп дана әжелеріміздің, асыл апаларымыздың шеберлігіне, талғампаз талантына тәнті боласыз.

Бармағынан бал тамған арулардың қолының табын сезініп, арман қиялын, мұң мен шерін түйсінгендей боласыз.

«Текеметтің түгіндей ау,
Қызғалдақтың гүліндей ау,
Өтіп дәурен бара жатыр,
Сізбен бізге білінбей ау», —



